



Археолог К.М. Байпақов биографиясы мен ғылыми мұрасы замандастарының еңбектерінде

© 2025 ж. Байқонаков Н.С.

Keywords: archaeology, K. Baipakov, bibliographical direction, monuments, the Middle Ages, urbanization, Silk Road, history of the study, cultural heritage

Түйін сөздер: археология, К.М. Байпақов, ғұмырнамалық бағыт, ескерткіштер, орта ғасырлар, урбанизация, Жібек жолы, зерттеу тарихы, мәдени мұра

Ключевые слова: археология, К.М. Байпаков, библиографическое направление, памятники, Средневековье, урбанизация, Шелковый путь, история изучения, культурное наследие

Nurbol Baikonakov¹

¹Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
ORCID: [0009-0000-6459-6198](https://orcid.org/0009-0000-6459-6198) E-mail: suleimenuly@gmail.com

Biography and scientific heritage of the archaeologist Karl M. Baipakov in the works of his contemporaries

The article analyzes the works of contemporaries dedicated to the biography and scientific heritage of the archaeologist Karl M. Baipakov (1940–2018). The content of these publications allows us to confidently regard him as one of the scholar-encyclopaedists and to place him alongside the leading representatives of the academic community who worked within the system of the Academy of Sciences of Kazakhstan and higher education. Baipakov's scholarly interests encompassed a wide range of issues related to the ancient and medieval archaeology of Kazakhstan; particular attention was devoted to his long-term, comprehensive studies of urban culture in Southern Kazakhstan and Jetisu, which underscores the need for their historiographical analysis. Through scholarly reconstruction, the article focuses on analyzing the works of researchers addressing various stages of Baipakov's life and academic activity, as well as on systematizing his biography based on the accounts of his contemporaries. For the first time, archival materials reflecting the scholar's professional activity are introduced as sources. The body of analyzed sources includes the archaeologist's scientific publications, analytical reviews of his works, as well as reminiscences of colleagues and students. It is noted that despite Karl M. Baipakov's significant contribution to the development of Kazakhstani archaeology, the number of specialized studies devoted to his scientific legacy remains limited. The article highlights the fundamental importance of his four-volume work on the history of urbanization in Kazakhstan in antiquity and the Middle Ages, based on materials of the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition, and reveals his role in shaping and advancing research on medieval urbanization. The study concludes that Karl M. Baipakov was one of the pioneers in the study of archaeological architecture and the founder of the archaeological direction in urbanization research in Kazakhstan.

For citation: Baikonakov, N. 2025. Biography and scientific heritage of the archaeologist Karl M. Baipakov in the works of his contemporaries. *Kazakhstan Archeology* 4 (30), 55–71 (in Kazakh).

DOI: [10.52967/akz2025.4.30.55.71](https://doi.org/10.52967/akz2025.4.30.55.71)

Нұрбол Сүлейменұлы Байқонақов¹

¹докторант, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

Археолог К.М. Байпақов биографиясы мен ғылыми мұрасы замандастарының еңбектерінде

Мақалада археолог Карл Молдахметұлы Байпақовтың (1940–2018) өмірбаяны мен ғылыми мұрасына арналған замандастарының еңбектері талданады. Бұл зерттеулер мазмұны ғалымды энциклопедиялық деңгейдегі тұлға ретінде сипаттауға және оны Қазақстан ғылым академиясы мен жоғары білім беру жүйесінде



қызмет еткен ірі ғылыми қауым өкілдерінің қатарына қоюға мүмкіндік береді. К.М. Байпақовтың ғылыми ізденістері Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық археологиясының ауқымды мәселелерін қамтыды; ғалымның көпжылдық кешенді зерттеулерінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлерінің қалалық мәдениетін зерделеуге ерекше назар аударылып, бұл бағыттағы еңбектердің тарихнамалық талдауын жүргізу қажеттілігі айқындалады. Ғылыми реконструкция әдісі негізінде мақалада К.М. Байпақовтың өмір жолы мен ғылыми қызметінің жекелеген кезеңдеріне арналған зерттеушілер еңбектеріне талдау жасалып, замандастарының деректері негізінде оның өмірбаяны жүйеленеді. Алғаш рет ғалымның кәсіби қызметіне қатысты архивтік материалдар дереккөз ретінде ғылыми айналымға енгізіледі. Зерттеудің деректік негізін археологтың ғылыми еңбектеріне жасалған сараптамалық шолулар, сондай-ақ әріптестері мен шәкірттерінің естеліктері құрайды. К.М. Байпақовтың Қазақстан археологиясы дамуына қосқан үлесінің ауқымы мен маңыздылығына қарамастан, оның ғылыми мұрасына арналған арнайы зерттеулер саны әлі де толыққанды жазыла қоймағандығы атап өтіледі. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының материалдарына негізделген, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық урбанизациясына арналған іргелі төрттомдық еңбегінің маңызы ерекше көрсетіледі, сондай-ақ ғалымның ортағасырлық урбанизация мәселелерін зерттеудегі рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде К.М. Байпақов Қазақстандағы археологиялық архитектураны зерттеушілердің алғашқыларының бірі, әрі археологиялық урбанистика бағытын қалаушы болғандығы жөнінде қорытынды жасалады.

Сілтеме үшін: Байқонақов Н.С. Археолог К.М. Байпақов биографиясы мен ғылыми мұрасы замандастарының еңбектерінде. *Қазақстан археологиясы*. 2025. № 4 (30). 55–71-бб.
DOI: [10.52967/akz2025.4.30.55.71](https://doi.org/10.52967/akz2025.4.30.55.71)

Нурбол Сүлейменович Байқонаков¹

¹докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Биография и научное наследие археолога К.М. Байпакова в трудах современников

В статье анализируются труды современников, посвящённые биографии и научному наследию археолога Карла Молдахметовича Байпакова (1940–2018). Содержание публикаций позволяет с полным правом отнести его к числу учёных-энциклопедистов и поставить в один ряд с крупнейшими представителями научного сообщества, работавшими в системе Академии наук Казахстана и высшего образования. Научные интересы К.М. Байпакова охватывали широкий круг проблем древней и средневековой археологии Казахстана; особое внимание уделялось многолетним комплексным исследованиям городской культуры Южного Казахстана и Жетысу, что обуславливает необходимость их историографического анализа. Посредством научной реконструкции в статье акцент сделан на анализе трудов исследователей, посвящённых отдельным этапам жизни и научного творчества К.М. Байпакова, а также – систематизации его биографии на основе свидетельств современников. Впервые в качестве источников привлечены архивные материалы, отражающие профессиональную деятельность учёного. В круг анализируемых источников включены научные публикации археолога, аналитические обзоры его работ, а также воспоминания коллег и учеников. Отмечается, что, несмотря на значительный вклад К.М. Байпакова в развитие археологии Казахстана, количество специальных исследований, посвящённых его научному наследию, остаётся ограниченным. Подчёркивается фундаментальное значение его четырёхтомного труда по истории урбанизации Казахстана в древности и средневековье, основанного на материалах Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции, а также раскрывается его роль в формировании и развитии исследований средневековой урбанизации. В результате делается вывод, что К.М. Байпаков – один из пионеров изучения археологической архитектуры и основоположник археологического направления исследований урбанизации в Казахстане.

Для цитирования: Байқонаков Н.С. Биография и научное наследие археолога К.М. Байпакова в трудах современников. *Археология Казахстана*. 2025. № 4 (30). С. 55–71 (на каз. яз.).

DOI: [10.52967/akz2025.4.30.55.71](https://doi.org/10.52967/akz2025.4.30.55.71)

1 Кіріспе

2025 ж. туылғанына 85 жыл толған тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Карл Молдахметұлы Байпақов (1940–2018) өз ғұмырын археология ғылымына арнап, Қазақстанның ежелгі заманынан жаңа дәуірге дейінгі кезеңін қамтитын археологиялық



зерттеулерге зор үлес қосты. Ол ғылымға қосқан өлшеусіз еңбегінің арқасында Қазақстан мен Орта Азия ортағасырлық археологиясының жетекші маманы болып саналады. Дегенмен тақырыптың өзектілігі мәселенің әлі күнге дейін толымды түрде көтеріле қоймағандығымен айқындалынады.

Мақалада ғалымның өмірі мен ғылыми мұрасын талдай отырып, ол жайлы сөз қозғаған, оның концептуалдық ойларын ғылыми тұрғыдан өрбіткен әріптестері мен өзге де ғалымдар тарапынан атқарылған зерттеу жұмыстары мен естеліктері хақында, оның еңбектеріне жазылған сараптамаларды жүйелеу қолға алынып отыр. Сонымен қатар, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивінде К.М. Байпақовқа тиесілі № 8 және 21 жеке істері жинақтарынан алынған мағлұматтарды ғылыми сараптамадан өткізу де қолға алынды. Мұның өзі бұрынғы зерттеулерді толықтырып, ғалымның ғұмырнамасына жаңа леп береді. Өйткені осы уақытқа дейін көтерілген ғылыми ізденістерде архив материалдары көп қолданыла қоймағандығымен ерекшелінеді.

Жалпы алғанда, жазба деректерге жұтаң Қазақстан тарихын жазуда археология саласының рөлі айрықша. Араб, парсы, қытай, еуропалық саяхатшылардың еңбектері тарих қойнауына кеткен үдерістер мен оқиғаларды, құбылыстарды толыққанды сипаттай қоймайды. Сондай-ақ осы уақытқа дейін еуроцентристік көзқараспен жазылып келген төл тарихымыздағы ақтандақтар да жеткілікті. Ал мұндай солақай ғылыми саясатқа тойтарыс берудің бірден бір жолы отандық зерттеушілердің белгілі бір мәселеге қатысты концептуалдық пікірлерін көпшілікке жеткізу болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде мәселенің көкейкестілігі бірден айшықталынады.

Академик К.М. Байпақов қайтыс болғаннан кейін ол туралы ондаған ғылыми мақалалар жарық көрді. Дегенмен Ленинград (Санкт-Петербург) археологиялық мектебінің түлегі К.М. Байпақов Қазақстан мен Орта Азия археологиясы бойынша жүргізілген көпжылдық зерттеулерінің ғылыми мұрасын зерттеп, өз бағасын беру болашақ еншісінде. Карл Молдахметұлының әріптестері жазғандай еліміз бен жақын шетелде, онымен қоса Оңтүстік Корея, Франция, Германия, Италия, Қытай, Пәкістан, АҚШ-та жарық көрген 100-ден аса авторлық және коллективті монографиялар, альбомдар, каталогтар, оқу құралдары мен оқулықтың, журналдар мен газет беттерінде басылған 700-ге тарта ғылыми және ғылыми-танымдық мақала қалдырған ғалымның еңбектері ұшан теңіз екендігін ғалым Г.С. Жұмабекова кеңінен атап өткен [Джумабекова 2019: 4]. Оған дейін академик К.М. Байпақовтың өміріне қатысты мерейтойлық, хроникалық және өзге де еңбектерде оның мұрасы бірнеше биобиблиографиялық басылымдарды санамағанда ішінара түзілген еді.

Алайда, осыншама ғылыми мұраның зерттелу барысы әлі өзінің шыңына шыға қоймады. Ғалымның өмірі мен қызметі туралы жазылған біршама зерттеулер болғанымен, оның мол ғылыми мұраларын толыққанды әрі жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілмеді, әрі өз бағасын алған жоқ деп айтуға болады. Мақалада Карл Молдахметұлының ғылыми мұрасына, қызметі мен өміріне қатысты кезінде жазылған зерттеулерге шолу жасап, дәйекті пікірлерді талдап, бірқатар жайттарды архив қорларындағы мәліметер негізінде толықтырып, әрі нақтылап кету сынды мақсат пен міндеттерді алға қойып отырмыз. Дәлірек айтқанда, мақала мақсаты академик К.М. Байпақовтың археолог ретіндегі ғылыми дүниетанымын зерттеу үрдістерін айшықтау, қолдағы және архивтік материалдарды талдау арқылы оның отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау болып табылады. Ол үшін біздің ізденісте келесідей міндеттер алдыға қойылды: академик К.М. Байпақов туралы әріптестері, шәкірттері мен серіктестері тарапынан жарияланған материалдары бойынша оның ғұмырнамалық және шығармашылық жолының негізгі кезеңдерін бөліп көрсету және сипаттау. Ғалымның өмірбаянына қатысты осыған дейін жарияланған жұмыстарды талдау негізінде К.М. Байпақовтың ғылыми-тарихи дүниетанымын қалыптастыруындағы қайнар көздері мен әлеуметтік-тарихи жағдайларын қарастыру. Сондай-ақ зерттеушінің негізгі ғылыми бағыттарын саралау, олардың



мазмұны мен ішкі табиғатын айқындау және К.М. Байпақовтың зерттеу қызметінің нәтижелерін көрсете отырып, оның әдіснамалық және құндылық-дүниетанымдық аспектілерін зерделеу; ғалымның Қазақстан ғылыми өміріндегі рөлі мен орнын, оның археологияға қосқан үлесін анықтау.

2 Материалдар мен әдістер

2.1 Мәселенің әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін ғылыми шынайылық пен тарихилық қағидаттарына негізделген тәсілдер құрайды. Соның нәтижесінде: біріншіден, замандастары тарапынан ғалым ғұмырнамасы туралы жазылған еңбектердің тарихилығы мен шынайылығы сараланды, екінші жағынан, К.М. Байпақовқа тиесілі ғылыми көзқарастары мен қызметі оның әріптестерінің тұжырымдары бойынша өрбітілді де, отандық археология ғылымының дамуына қосқан үлесі объективті-тарихи жағдайлар негізінде бағамдалды, үшіншіден, мәселе ғылыми жағдайдан туындаған және шартталған құбылыс ретінде зерттелінді, төртіншіден, оның концептуалдық ойлары мен идеяларының эволюциясы таразыланды; бесіншіден, ғалым қызметінің нәтижелері ғылыми өмірдің жай-күйі мен дамуына объективті әсері шынайы түрде талданды. Жұмыста зерттеудің келесі әдістері қолданылды: тарихи-генетикалық, салыстырмалы-тарихи, хронологиялық, тарихи-өмірбаяндық, сонымен қатар тарихнамалық және деректанулық талдау әдістері. Олардың әрбірі өзіндік мазмұнға ие. Мәселен, мақаланы жазуда тарихи-генетикалық және салыстырмалы-тарихи әдістерді зерттеушілердің белгілі бір мәселелердегі ұстанымдары мен пікірлерін салыстыруда, саралауда және мәселенің қалтарысты тұстарын зерделеуде кеңінен пайдаланылды. Мәселе хронологиялық, тарихи-өмірбаяндық тұрғыдан да өрбітілді, себебі белгілі бір оқиғалар мен тұжырымдарды саралауда осы әдістерге кеңінен жүгініп отырдық.

Ең алдымен К.М. Байпақов ізденістеріндегі мәселелерді талқылау барысында, ғалымның және басқа да зерттеушілердің ойлары мен пікірлеріне тарихнамалық зерттеулер әдіснамасы қолданылды. Тарихнама саласында маңызды болып есептелінетін ретроспективті талдау әдісіне де кеңінен орын берілді, себебі өткенге көз жүгірту, артта қалған оқиғаларға үңілу арқылы ғалымның ғұмырнамасына қатысты көптеген жайттардың қыры ашылды. Деректанулық әдіс негізінде архив қорларындағы Карл Молдахметұлы жайлы ақпараттарды ғылыми сараптамадан өткізу барысында кең пайдаланылды. Зерттеушілердің ғалым туралы жазғандары мен оның ғылыми жұмысына берілген бағалауларына басымдық беріле отырып, Карл Молдахметұлының ғылыми еңбектері мен басқа да ғалымдардың зерттеулеріндегі ақпараттарды зерделеу барысында анализ, синтез, дедукция, индукция әдістері пайдаланылды. Анализ бен синтез зерттеушілердің ой-пікірлерін жүйелеуде, табиғатын ашуда, барлығын біріктіре қарастыруда, мамандардың белгілі бір процестерге қатысты пайымдамаларын зерделеуде қолданылды, ал дедукция мен жалпылаудың және ой қозғалуының формасы болып табылатын индукция әдістері мақалада пайдаланылған барлық ғылыми әдебиеттерді таразылауда қолданылғандығын айта кеткен ләзім.

Сонымен қатар, библиографиялық әдісті пайдалану арқылы ғалымның тұлғалық қалыптасуын көрсетуге күш салынды. Нәтижесінде тұлғатанудың негізгі бөлігі болып табылатын барлық тәсілдер зерделеуден шет қалмады.

2.2 Материалға сипаттама

Бірге қызмет еткен әріптес және қызметтес бірқатар ғалымдардың еңбектерінде оның ғұмырнамасы кеңінен айтылды. Бұл материалдарға қарағанда Карл Молдахметұлының ғылыми мұрасына, өмірі мен қызметіне тоқталған ғалымдардың еңбектерін қабыстыра отырып оның мынадай биографиясын айшықтауға болады: ол 1940 жылы 17 қарашада Талғар қаласында тарихшы-педагогтардың отбасында дүниеге келген. Карл Молдахметұлы 1958 жылы мектепті



алтын медальмен бітіріп, Ленинград мемлекеттік университеті тарих факультетінің археология кафедрасының студенті атанады. Студенттік жылдары белгілі ғалым-археолог В.М. Массонның жетекшілігімен Түркіменстанда қазба жұмыстарына қатыса бастайды. 1962 жылы Тараз археологиялық экспедициясына шақырту алып, Отырар жазығындағы Отырартөбе, Марданкүйік, Алтынтөбе, Құйрықтөбе қалашықтарына барлау жасайды. Осы сапар К.М. Байпақовтың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірімен байланысты болашақтағы жемісті ғылыми ғұмырын бастауға әсер еткен болатын деп қорытындылайды бірқатар зерттеушілер [Дашковский, Савельева 2019: 147].

Оқуын сәтті аяқтаған жас маман Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына аспирантураға қабылданып, белгілі ғалым К.А. Ақышевтің жетекшілігімен 1966 ж. Жетісудағы ортағасырлық қалалар мен қоныстарға байланысты кандидаттық диссертацияны мерзімінен бұрын сәтті қорғап шығады. Бұл диссертациялық жұмыстың маңызына тарихшы-археолог С. Жолдасбаев тоқталып, мынадай қорытынды жасайды: К.М. Байпақов «Жетісу аймағындағы ортағасырлық қалалар мен қоныстар (VII–XII ғғ.)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғау арқылы Қазақстан археологиясындағы тұңғыш ортағасырлық археолог маман болды [Жолдасбаев 2010: 59–60]. Археолог әрі тарихшы С.Ж. Жолдасбаевтың еңбегінде айтылған бұл бағалау толық құптауға лайық деген ойдамыз.

Басқа да зерттеушілердің пікірінше Жетісудағы ортағасырлық ескерткіштерді терең зертеу арқылы К.М. Байпақов өңірдегі ескерткіштердің пайда болуы көшпелілердің отырықшылыққа өтуімен тікелей байланысты болған деген тұжырымы әлі күнге дейін өзектілігін жоймағандығын көре аламыз [Ақымбек 2020: 51].

Архивтік мәліметтерге қарағанда, 1966 жылдың қарашасында ол Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына Кіші ғылыми қызметкер болып қабылданады [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА 8: 5]. Осы кезден басталған 20 жылдық тынымсыз еңбектің нәтижесі 1986 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы барысы мен негізгі кезеңдеріне байланысты жазылған докторлық диссертацияға ұласады. Бұл еңбегімен ол өзінің ортағасырлық археолог-маман екендігін толығымен делелдеп берген еді.

1991 жылы құрылған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты директорының міндетін уақытша атқарушы болып К.М. Байпақов тағайындалып, келесі жылы алғашқы директоры болып бекітілді [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА 21: 95]. Бірқатар зерттеушілердің айтуына қарағанда, Институт жұмысын жолға қою елдегі экономикалық жағдайдың ауыр кезімен тұспа-тұс келген болатын. КСРО атты алып мемлекеттің тарих сахнасынан кетіп, орталықпен ғылыми байланыстардың бұзылып, елде ауыр экономикалық ахуалдың орын алған кезі еді. Дегенмен, мекеме директоры Карл Молдахметұлының жанқиярлығы мен әріптес археологтардың бірлескен табанды еңбегінің арқасында Институт өзінің білікті кадрларын сақтап қала алғандығы жөнінде әріптесі академик Ж.Қ. Таймағамбетов жылы лебізбен еске алады [Таймағамбетов 2020: 18]. Осы тақілеттес зерттеу мақалалар мен жазылған еңбектерге қарағанда сол кездері институтта бірнеше қомақты жобалар жасалған. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты әсіресе ЮНЕСКО ұйымымен бірлесіп Ұлы Жібек жолын зерттеу бағдарламасын жүзеге асырды. Бұл жерде де ғалымның еңбегі өте зор. Ресей, Франция, Германия, Жапония, АҚШ және т. б. елдермен бірлескен экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде Қазақстан тарихына тың деректер жинақталды. Бірқатар археологиялық ескерткіштер ЮНЕСКО-ның әлімдік мұралар тізіміне енді. Атап айтқанда Карл Молдахметұлының атсалысуымен алғашында Қ.А. Ясауи кесенесі (2003 ж.) мен Таңбалы петроглифтері (2004 ж.) еңсе, 2014 ж. Ақыртас, Өрнек, Талғар, Ақтөбе, Қарамерген, Қойлық, Қостөбе және Құлан қалалары кірді. Бұған ғалымның жүргізген зерттеулерінің әсері зор болды [Балтабаева 2020а: 23]



Сонымен қатар, ғалым-археолог Ж.К. Таймағамбетов әріптесі К.М. Байпақовтың ғылымдағы жолын саралап шығып, ортағасырлық Отырар, Тараз, Сауран, Құйрықтөбе қалашығындағы, Қостөбе некрополіндегі, Ақыртас сарайындағы, Қазақстанның оңтүстігіндегі Шымкент пен Испиджаб, Қараспан мен Арсубаникет қалашықтарындағы, Жетісу аймағындағы Қиялық (Қойлық), батыстағы Жайық және басқа да орта ғасыр дәуірінің ескерткіштеріне жүргізген көпжылдық әрі толыққанды зерттеуінің арқасында осыған дейін Қазақстан орта ғасыры туралы жылдар бойы қалыптасқан түсініктердің қайта қаралуына алып келді деген пікір білдіреді [Таймағамбетов 2020: 20]. Зерттеушінің өз кезегінде Карл Молдахметұлының еңбегін бұлай жоғары бағалауы, оның төл тарихымыздың терең зерттелуіне және қазақ халқының осы аймақта ерте кезеңнен өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін жаңаша көзқарастардың пайда болуына әкелгендігінен болса керек.

Алғашқылардың бірі болып Карл Молдахметұлының ғұмырнамасына шолу мақала жазған Д.С. Байгунаков қысқаша түрде археолог К.М. Байпақовтың 65-жылдық мерейтойына дейін қол жеткізген ғылыми табыстарын саралап шықты. Сондай-ақ автор археологтың өмір белестерімен бірге оның негізгі зерттеу бағыттарын, қатысқан және басқарған археологиялық экспедицияларының басты-басты нәтижелерін, ұзақ жылдар бойы қазба жұмыстарын жүргізген археологиялық нысандардан алынған мағлұматтарды таразылады. Оған дейін зерттелінген және оның қарастырған концептуалдық ойларына баға берді, әрі Карл Молдахметұлының отандық археологиядағы сол кездердегі көшбасшылық рөлін сомдап шықты [Байгунаков 2005: 138-140].

Тарихшы Т.Ә. Төлебаев Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларға қазба жұмыстарын жүргізген К.М. Байпақовтың зерттеу нәтижелерін сараптап, оның ғылыми мұрасын жоғары бағалады. Ол ғалымның Ұлы Жібек жолы жалпы алғанда екі мың жыл өмір сүрді деген маңызды тұжырымын бағалап, оның концептуалдық ойын құптады. Өзінің бұл тұжырымдарын Карл Молдахметұлы археологиялық қазбалар барысында табылып, зерделенген Отырар, Талғар сынды басқа да көптеген қалалардан алынған шетелдік заттар мен монеталар бойынша дәлелдей алды деп негіздеп өтеді [Төлебаев 2014: 56]. Яғни, тарихнамашы Т.Ә. Төлебаев ғалымның осылайша жалаң фактілер емес, шынайы артефактілер негізінде өзінің концептуалдық пайымын нақтылап ашып көрсете білгендігін айтады.

1986 жылғы «Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.)» атты К.М. Байпақовтың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қалаларының археологиялық зерттелуі жан-жақты қамтылған көлемді еңбегін саралай келе ортағасырлық қалалардың шетелмен сауда жасағандығы осы ғылыми еңбекте ең алғаш рет баяндалған деп пайымдайды [Төлебаев 2014: 58]. Шын мәнісінде өзінің кешенді ізденістерінде Жібек жолының ежелгі және ортағасырлық Қазақстандағы тармақтарына кең түрде тоқталған К.М. Байпақов жазба деректердегі мәліметтерді археологиялық мәліметтермен ұтымды ұштастыра білген болатын. Зерттеуші осы ғылыми еңбектің арқасында Ұлы Жібек жолының біздің еліміздің аумағынан өтетін бір тармағы бойында ірі сауда және ғылыми орталықтары бар қалалардың болғандығына көз жеткізіп, зерттеуге көңіл қоя бастауын осы еңбекпен тікелей байланыстыруға болады деп атап өтеді [Төлебаев 2014: 58]. Сондай-ақ, Т.Ә. Төлебаев ғалымның Ұлы Жібек жолы бойында жүргізген археологиялық қазбаларынан алынған материалдар негізінде жазылған еңбектерін зерделей келе қазақ жерінің байырғы тұрғындарының шаруашылығы мен мәдени және саяси дамуындағы орнын, әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете алған К.М. Байпақов екендігі күмән тудырмайды деп тұжырымдайды [Төлебаев 2014: 59].

Белгілі шығыстанушы, академик Б.Е. Көмеков Карл Молдахметұлының әріптесі А.Ә. Нұржановпен бірлесіп жазған (Ұлы Жібек жолы және Ортағасырдағы Қазақстан, 1992 ж.) монографиясын саралай келе Қазақстан қалалары үшін Ұлы Жібек жолының маңызының жоғары



болғандығы осы еңбекте ашып көрсетілгендігінмен қоса зерттеу еңбегінде еліміздегі ежелгі және орта ғасырлардағы қалалардың Орта Азия, Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдерімен тығыз мәдени байланыстар жасағанын дәлелдегендігін және бұл монографияның археология саласында жазылған алғашқы іргелі еңбек екендігін атап өтеді [Қумеков 1993: 87–88]. Бұл жерде пікір білдіруші монографияның еліміздің аумағындағы Ұлы Жібек жолы туралы археология саласында жазылған алғашқы қазақ тіліндегі еңбектердің бірі екендігін меңзесе керек деп ойлаймыз.

К.М. Байпақовтың зерттеу нысанына археологияның басқа да күрмеулі мәселелері кірген болатын. Соның бірі Ұлы Жібек жолы бойымен елімізде етек жайған зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық пен мұсылмандық белгілері бар ғибадатханаларды қазу арқылы діндер мен культтерді зерттеу жұмыстарын айтуға болады. Осы және басқа да ізденістері арқылы К.М. Байпақов еліміздегі діни археология саласының дамуына зор ықпал жасады деп әріптестері жоғары баға берді [Дашковский, Савельева 2019: 158].

Жалпы алғанда, Үндістаннан Қытайға барған буддизм Орта Азия мен Қазақстан аумағы арқылы өткен деген пікір зерттеушілер арасында кеңінен тарап та отыр. Бұл жерде Орталық Азиядағы негізгі күшке кезінде ие болған парфиялықтар, соғдылар мен кангюйлер) буддизмді таратуда маңызды рөл атқаруы мүмкін екендігі де жасырын емес. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қиялық (Қойлық) қалашығынан буддалық храмның табылуы осыған дәлел бола алады [Байпақов 2010: 51].

Ежелгі және орта ғасырлардағы діндер мен діни түсініктердің таралуы сауда және мәдени байланыстардың әсерінен болып отырды. К.М. Байпақовтың бұл мәселеде Қазақстан территориясымен шектелмей Қырғызстан аумағынан несториандық қайрақтарды табуы да археология ғылымы үшін ерекше жаңалық болғандығы зерттеушілер арасында талас тудырмайды [Абсаттаров, Шалтықов 2015: 5].

1988 жылы Сайрамда жер жырту жұмыстары кезінде табылған жерасты ғимаратын зерттеген К.М. Байпақов оны будда храмы ретінде анықтады. Алайда, кейіннен алынған жаңа деректерді саралау барысында, алғашқы ойын өзгертіп, ғимараттаң VII–VIII ғғ. жататын несториандық қілеует деген қорытынды жасайды. Бұл оның ғылыми ақиқатқа деген нақты ұстанымының арқасында орын алғандығынан деп айта аламыз [Байтанаев, Ёлгин 2010: 55]. Зерттеушілердің пікірін толық құптауға болады. Яғни, зерттеуші өз пікірін өзгертіп, әуелгі ойына қарсы шыға білді, нәтижесінде соны ғылыми пайымдама жасап, ғылыми көзқарастарын жаңартты деуге толық негіз бар.

Діни археология саласында іргелі зерттеулер жүргізген ғалымның жұмыстарының арасынан Қазақстан мен Орта Азияда исламның таралуы бойынша ізденістерін айрықша атап өтуге болады. Бұл жөнінде К.М. Байпақовтың еңбектерін біршама саралаған Е.Ш. Ақымбек еліміздегі ислам археологиялық архитектурасын терең зерттеп, мұсылмандық стилдегі құрылыстарды бір жүйеге келтірудегі ғалымның еңбегінің зор екендігіне тоқталып, әлі күнге дейін отандық археологияда діни құрылыстарға қатысты жекелеген мақалалар жазылғанымен де, үлкен монографиялар жазған зерттеушілердің некен-саяқ екендігін айтып, ғалымының жұмысына жоғары бағалады [Ақымбек 2020: 53].

Зерделей келе К.М. Байпақовтың ғылыми-зерттеу нысандарының басты бағыттарының бірі ортағасырлық урбанистика саласы екендігіне көз жеткіземіз. Ғалым Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймақтарында қала мәдениетінің дамуын кешенді түрде зерттеп, отандық археология саласын жаңа деңгейге көтерді деп айтуға болады. 1970-ші жылдары басталған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы жұмыстарының нәтижесінде Карл Молдахметұлының бірнеше монографиялары мен ондаған мақалалары жарық көрді.



Белгілі ғалым С.М. Ақынжанов өз кезегінде К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович бірігіп жазыған «Средневековый Отрар» монографиясына жасаған рецензиясында: Отырардың материалдық мәдениетін зерттеудегі қорытындыларды жүйелеп, XVI–XVII ғғ. қаланың біршама өркендегендігін көрсетіп берді. Бұл берілген археологиялық айғақтарға жазба деректермен дәлел тауып Қазақ хандығы кезеңінде қаланың гүлденгендігін көрсеткен еді. Таңбаларды зерттеу арқасында қыпшақ, қаңлы, керей, дулат ру-тайпаларының көп болғандығын да көреміз. Кітапта көрсетілген Отырар оазисінің отырықшы мәдениеті мен дала элементтерінің болуы Отырар мен Мәуреннахрдың аралас-құралас екендігінің дәлелі деп пайымдайды [Ахинжанов 1982: 72–73]. Зерттеушінің бұл пікірі қазіргі таңда өз дәлелін тауып отырғандығын да атап өткіміз келеді.

Ресейлік белгілі ғалым Н.М. Зиняков Карл Молдахметұлының докторлық диссертациясының кең ауқымда екендігін айта келіп, былай дейді: біріншіден, кең көлемді аумақтарда жүргізілген жоспарлы қазба жұмыстары нәтижесінде алынған ортағасырлық қалашықтардың археологиялық материалдары алғаш рет кешенді түрде жүйеленді; екіншіден, өңірде ортағасырлық қалалар мен қоныстарды анықтау және тіркеу мақсатында әуе фототүсірілімін пайдалана отырып, кең ауқымды барлау жұмыстары алғаш рет жүргізілді; үшіншіден, ауқымды өңір – Оңтүстік Қазақстан аумағы, сондай-ақ Жетісудың оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бөліктеріндегі қалалардың және қалалық мәдениеттің даму үдерісі зерттелді; төртіншіден, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағындағы қалалық мәдениеттің тарихы орта ғасырлар дәуірінің бүкіл кезеңі бойында жүйелі түрде қарастырылды; бесіншіден, ерте ортағасырлық қалалық мәдениет алғаш рет жеке бөлініп, ғылыми тұрғыдан сипатталды; алтыншыдан, қалалық кварталдардың қалыптасу және даму жолдары алғаш рет зерттелді; жетіншіден, бұған дейінгі зерттеулерден өзгеше түрде өңір аумағындағы шамамен 40 қала алғаш рет нақты локализацияланды; сегізіншіден, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің дамуына тән жалпы заңдылықтар мен жергілікті ерекшеліктер алғаш рет тұжырымдалып, ғылыми-теориялық негіздеме берілді [Зиняков 2020: 31]. Ол ғалымның негізгі ғылыми бағыттарын саралай отырып, ғылымға қосқан сүбелі үлесін осылайша кеңінен бағалады.

Көп жылдық қажырлы еңбегінің қорытындысы ретінде Карл Молдахметұлы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы жұмыстары барысында жинақтаған материалдарының негізінде жарық көрген «Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции)» атты төрт томдық еңбекті қалдырды. Осы іргелі зерттеу еңбек туралы ресейлік ғалым П.К. Дашковский 2012–2016 жылдар аралығында жарық көрген бұл кітап кең ауқымды деректік базаға сүйеніп жазылған іргелі тарихи еңбек болып табылады деп жоғары баға береді [Дашковский 2017: 138].

Карл Молдахметұлының еңбектерін ауқымды түрде саралаған ғалымдардың бірі Н.М. Зиняков бұл еңбектерде Қазақстанның көне және ортағасырлық археологиясының іргелі мәселелері баяндалып, ғылыми тұрғыдан жинақталып қорытындыланғандығына тоқталады. Атап айтқанда: 1) Қазақстан аумағындағы урбанизациялық үдерістердің кезеңделуі; 2) әрбір нақты тарихи кезеңдегі урбанизацияның даму динамикасы мен деңгейі; 3) бұрын тек жазба деректер арқылы ғана белгілі болған қалалардың локализациясы мен сәйкестендірілуі; 4) Қазақстанның жекелеген өңірлеріндегі урбанизация үдерістерінің даму ерекшеліктері; 5) әртүрлі қалалардың топографиясы, типологиясы және құрылыс жүйесі; 6) қалалық қолөнер мен сауданың даму деңгейі мен сипаты; 7) түркі қағанаттары тарихындағы қалалардың ролі; 8) қала мен көшпелі дала арасындағы өзара қарым-қатынастар; 9) көне Қазақстан мәдениеті мен сәулет өнеріндегі діндер мен культтердің дамуы және олардың заттық көрінісі берілгендігін көрсетеді. Зерттеуші аталған еңбектің ғылыми маңызының жан-жақтылығына тоқталып, Карл Молдахметұлы Байпақовтың бай ғылыми мұрасы



Қазақстан археологиясының аса құнды қазынасы, оның еңбектері археологиялық дереккөздердің іргелі негізі және ғылыми концепциялар мен зерттеу бағыттарының бастауы деп тұжырымдайды [Зиняков 2020: 36–37].

Осылайша, академик К.М. Байпақовтың төрттомдық монографиясы қола дәуірінен басталған Қазақстан территориясындағы урбанизация процесін кешенді зерттеудің арқасында толыққанды ашып көрсеткен құнды еңбек болып табылады. Автор археологиялық, жазба және жаратылыстану ғылымы пәндерінің деректерін ұтымды ұштастыра білген. Сонымен қатар еңбекте Орталық Азияның біраз бөлігін қамтитын түрлі кезеңдерге жататын қала архитектурасының дамуы туралы ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастары мен діни өмірі жайлы толыққанды түсінік береді. Жалпы алғанда, Б.Е. Көмеков, Е.Ш. Ақымбек, Н.М. Зиняков, П.К. Дашковский сынды зерттеушілер еңбекті оңынан бағалап, оның отандық археология тарихнамасындағы орнын айшықтап беріп, ғылымға қосылған елеулі үлесті саралады. Белгілі ғалымдар Б.Е. Көмеков пен Е.Ш. Ақымбек К.М. Байпақовтың аталмыш еңбегіне жасаған шолуында ғалым Қазақстан мен Орта Азия археологиясында алғаш рет урбанизацияның дамуының толық көрінісін және оның ежелден (қола дәуірінен) Қазақ хандығына дейінгі динамикасын зерттеді және көпшілікке жан-жақты жеткізе алды деп тұжырымдайды [Көмеков, Ақымбек 2020: 54]. Авторлардың айтқан сөздеріне толықтай қосылуға болады, себебі оның айтқан сөз байламдарында тарихилық пен шынайылықтың басым екендігі нақты байқалады.

Осы іргелі еңбегі үшін 2017 жылы Карл Молдахметұлы Байпақов Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды [Байпақов 2025: 12]. Отандық және әлемдік ғылымды байта түскен тамаша жетістіктері үшін берілетін Қазақстан ғылым саласындағы ең беделді бұл сыйлық ғалымның еңбегінің өте маңызды болғандығын және мемлекеттік деңгейде мойындалғандығын көрсетеді.

Отандық археология тарихнамасы тұрғысынан келер болсақ, бірқатар ғалымдар өз зерттеулерінде Карл Молдахметұлының біршама еңбектері Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінің тарихи география мәселесіне арнағанын айтып өтеді. Б.А. Көмеков пен Д.А. Воякин К.М. Байпақовтың еңбегі жайлы былай деп айтады: 1965 жылы К.М. Байпақов бастаған отряд Солтүстік-Шығыс Жетісудағы қалалардың орындарын анықтау мен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, отыздан астам қала орындарын алғаш рет анықтап, зерттеді. Антоновка қалашығындағы будда ғибадатханасының бір бөлігін аршығаннан-ақ, бұл қалашық 1253 жылы Гильом Рубрук өз жазбасында айтып өткен Қиялық (Қойлық) қаласы болуы керек деген пікір білдірген болатын. Кейіннен қалашықта жүргізілген кең көлемдегі археологиялық ізденістер бұл пікірдің растығын тамаша түрде дәлелдеп берді [Кумеков, Воякин 2010: 16].

Ал, академик Б.А. Байтанаев пен Ю.А. Ёлгин ғалымның оңтүстік өңірлерде жүргізген зерттеу жұмыстарына сараптама жүргізіп, ғалымның мұрасын біршама саралаған қомақты ізденіс жариялады. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының қазбалары барысында тарихи деректерде кездесетін Кедер қаласының орны қазіргі Құйрықтөбе қалашығымен баламалануы керек екендігін К.М. Байпақов өз еңбектерінде дәлелдеп берген болатын деп атап өтеді [Байтанаев, Ёлгин 2010: 51]. Яғни, зерттеуші көтерген локализация мәселесі оның ізденістеріндегі негізгі бағыттардың бірі болып саналады деуге болады. Мәселен, П.К. Дашковский мен Т.В. Савельева ғалым мұрасына арналған еңбектерінде Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалаларының локализациясына байланысты екендігіне тоқталып, бізге жазба деректер арқылы белгілі болған қалалардың көпшілігінің нақты қалалармен баламалануы К.М. Байпақовтың еңбегі болып табылады деген пікір айтады [Дашковский, Савельева 2019: 156]. Олар академик К.М. Байпақовтың зерттеу жұмыстарындағы басты бағыттардың бірі қалалардың пайда болуы, өркендеуі және құлдырауы



болғандығын ерекше атап кетеді. Қаланың қалыптасуы мен дамуына қатысты үдерістерді жан-жақты талдай отырып ол үнемі келелі пікірлерін ұсынып отырды.

Мысалы, ол Алматы қаласының пайда болу кезеңі, дамуы ұзақ жылдар бойы қарастырыла қоймаған тақырыптардың бірі болған еді. Ғалым қаланың өткен тарихи-мәдени дамуына кеңінен назар аударып, қала орнынан табылған материалдарды зерттеп, оның мерзімін анықтауға өз үлесін қосты. Карл Молдахметұлы студент кезінде-ақ, Алматы қаласы Верный бекінісі пайда болмай тұрып болған деген пікір айтып, А.Н. Бернштамның ойын құптаған болатын. Кейіннен бұл пікірі археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған жергілікті ақша сарайының теңгелері арқылы дәлелін тапты. К.М. Байпақов пен оның тобы жүргізген зерттеулер Алматы қаласының жасы 1000 жылды құрайтынын анықтап берді [Дашковский, Савельева 2019: 157]. Осы тақырыпқа орай К.М. Байпақовтың Жетісу өңірі, оның ішінде Алматы қаласы туралы іргелі зерттеулерінің қорытындысы негізінде монографиялары жарияланып, ғылыми журналдар мен газет беттерінде мақалалары жарық көрді. Олар қала тарихын нақты айқындап берген еді. Нәтижесінде Алматы қаласының тарихын Верный бекінісінің құрылған кезімен мерзімдеуге ниетті топтарға ғылыми тұрғыдан соққы берілді деуге болады.

Сонымен қатар зерттеушілер академик К.М. Байпақтың жергілікті өңірлік археология саласын дамытуға атсалысқандығын да тілге тиек етеді. Мысалы, К.М. Байпақовтың кеңесшілігімен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің археологиялық отряды 2003–2007 жж. көне қала орынында жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде Шымкент қаласының тарихы б.д.д. III–II ғғ. жататындығы дәлелденген болатын [Байтанаев, Ёлгин 2010: 57]. Осы кездері қала жасын анықтау ғана емес зерттеуші тарапынан пәнаралық байланыстарға кеңінен ден қойылып, оның ізденістері жаңа арнаға көтеріле бастады.

Карл Молдахметұлының Жетісу өңірінің қола, сақ және үйсін кезеңдеріне қатысты ізденістерін зерделеген Н.С. Байқонақов пен А.С. Есенаманова ғалымның еңбектерінің арқасында біршама мәселелер бойынша тың деректер алынып, отан тарихының ақтаңдақтарын толтыруға септігін тигізгендігі жөнінде айтып өтеді. Әсіресе, сақ, үйсін қоныстары мен қорымдарынан алынған археологиялық мәліметтер арқылы бұл жерлерде суармалы егіншілік жақсы дамыған отырықшылық болғандығы, сондай-ақ аулалық, жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығының қатар өркендегені сүбелі дәлелін тапқан болатын. Зерттеушілер Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы базасында қазақ-американ тобын бастаған К.М. Байпақов пен К. Чангтың археологиялық ізденістері мол ғылыми мұраларға қол жеткізді деп пайымдайды. Кейбір қоныстардың мөлшерінің үлкендігіне қарап К.М. Байпақов бұл сауда, қолөнер және әкімшілік функцияларын қатар атқарған қала типіндегі алғашқы қоныстар екендігі, олардың ортағасырлық қалалардың пайда болуына арқау болғандығы айтылады [Байқонаков, Есенаманова 2025: 380].

Сондай-ақ, осы қазақ-американ тобының Талғар маңында жүргізілген барлау және GPS және ГАЗ-карталау жұмыстары қоныстар мен обалардың көп шоғырланғанын көрсетті. Осы арқылы зерттеушілер ерте темір дәуіріне тән археологиялық, және сәулеттік деректер бұл аумақта әлеуметтік жіктелуі бар, күрделі иерархиялық қоғамның болғанын дәлелдейді. К.М. Байпақов Талғар өңіріндегі бұл жаңалықтардың темір дәуіріндегі көшпелі бірлестіктердің тарихы турасындағы инновациялық көзқарас екендігін жете түсіне білгендігін онымен бірлесіп жұмыстар атқарған шетелдік ғалымдар да мойындайды [Chang, Tourtellotte 2020: 45].

Карл Молдахметұлы өз зерттеулерінде еліміздегі урбанистика мәселесінде ежелгі кезеңнің алатын орнын да айтып өткен болатын. Ол еліміздегі урбанизация кезеңдерін бөлуде оның қалыптасуына да назар аударған еді. Ғалым андрон мәдениеті тайпаларын құрайтын б.д.д. II–I мың



жылдықтар бұл прото-урбанизация кезеңі ретінде көрсетіп, оған оң баға беріп, маңызына кеңінен тоқталғандығын Е. Ақымбек толығымен құптайды [Ақымбек 2025: 105].

Академик К.М. Байпақовтың келесі зерттеу бағыты археологиялық архитектураны зерттеуі болып табылады. Отандық ғылымда бұған дейін археологиялық архитектураны зерттеуге бағытталған ізденістер өте сирек болған еді. Онымен, әдетте, сәулетші мамандар ғана айналысты. Бұл саладағы зерттеушілер негізінен ескерткіштердің стратиграфиясы, хронологиясы мен типологиясын анықтауды басты мақсат етіп қойып, ескерткішті археологиялық зерттеу нысаны ретінде ғана қарастырған болатын. Бұл олқылықтың орнын Карл Молдахметұлы ұтымды толтыра білді [Дашковский, Савельева 2019: 158]. Мәселен, далалық ізденістер нәтижесінде Отырар оазисіндегі Құйрықтөбе (Кедер) қалашығының цитаделіндегі сарай қалдықтары, Қиялық (Қойлық) қаласындағы буддалық храм қирандылары секілді бірқатар ерекше археологиялық ескерткіштерден алынған құнды материалдарға тарихи баға беріліп, іргелі монографиялар жазылды. Бұл еңбектерде археологиялық архитектураның қыр-сыры, табиғаты мен сипаты көрініс тапты. Осы орайда, К.М. Байпақовтың Құйрықтөбедегі сарайды қазу барысында табылған есіктің тактайында ойылған өрнектердегі бейнелер қалдығын саралай келе бұлар зороастризмді ұстанған қаңлы-кеңгестер болуы керек деп пікір білдірген еді. Алайда, бұл пікірмен келіспейтін зерттеушілер де бар екендігін айтып өткіміз келеді. Белгілі археолог-ғалым М. Қожа мұнда түріктің Ашина әулетінің қағандары мен манихейлікті қабылдаған түрік құдайлары бейнеленген болуы керек деген ойын айтады [Қожа 2015: 45]. Ғалымдардың бұл ой-пікірлері алдағы уақытта терең зерттеулер мен жаңа фактілердің арқасында нақтыланып, өзінің шынайы тарихи келбетін көрсетеді деп сенеміз.

Бірқатар бұқаралық ақпараттық құралдарында зерттеушілер (Балтабаева, Әшімова және т.б.) тарапынан ғалымның өмір жолына қатысты еңбектер жарияланды. Олардың кейбіреулері Карл Молдахметұлы археологиялық ескерткіштердің зерттелуін, оларды сақталу және келешек ұрпаққа туристік нысан ретінде жетуін өзінің басты мақсаты ретінде белгіледі деп көрсетеді. Айта кету керек, 2001–2004 жылдары «Ежелгі Отырар қалашығын сақтау бойынша Қазақстан – Жапония – ЮНЕСКО» Халықаралық бағдарламасының жетекшілерінің бірі болып, бұл салада өзінің біліктілігін көрсетті. К.Байпақовтың ерен еңбегінің арқасында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштердің маңызы мен орны, рөлі мен тарихи табиғаты қалпына келтірілді. Соның ішінде кеңестік кезеңде мәдени мұра тізімінен негізсіз шығарылып тасталған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұра тізіміне енсе, келесі жылы адамзат ақыл-ой шедеврлері қатарын Таңбалы петроглифтері толықтырды [Балтабаева 2020б: 10]. Ғалым 2006 жылдан бастап «Ежелгі Отырарды жаңғырту» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ескерткішті зерттеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу арқылы ел тарихына үлкен еңбек сіңірді [Әшімова 2021: 7]. Көпжылдық күрделі зерттеулердің нәтижесінде көптеген археологиялық ескерткіштер ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді. Мәселен, «Есік» тарихи-мәдени музей-қорығының бұл тізімге енуі үшін К.М. Байпақов белсенді түрде қатысып, зор жұмыстар атқарғандығын замандастары жылы еске алып отырады [Габсаттарова-Эм 2025: 4]. Өткен ғасырдың 70-шы жылдарынан бері Ұлы Жібек жолы мәселесі бойынша іргелі зерттеулермен айналысуының арқасында ғылыми айналымға көптеген аналитикалық және фактологиялық материалдарды беріп қана қоймай, Карл Молдахметұлының басшылығымен Қазақстан ғылымы үлкен секіріс жасап 2014 жылы 8 қала ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енді [Қумеков, Воякин 2015: 231]. Шынында да мұндай жетістіктер ғалымның алған асуы ғана емес, отандық археологияның да жетістігі болып саналады.

Сонымен қатар, ескерткіштерді анықтау, қорғау және сақтау мақсатында ғалымның бастамасымен көптеген жұмыстар атқарылған болатын. 1994 ж. бастап Карл Молдахметұлының тікелей қатысуымен Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылода және Алматы облыстарының тарих



және мәдениет ескерткіштерінің жинақтары жарыққа шықты. 2007 ж. бастап Отырар, Қордай, Талас, Жамбыл және Байзақ аудандарының Жинақтары жарық көрді [Балтабаева 2020а: 23].

Карл Молдахметұлымен көп жылдар бірге жұмыс жасаған әріптесі, белгілі тарихшы Ирина Ерофеева ғалым туралы берген сұхбатында оның тұлға ретіндегі орны мен отандық археология саласына сіңірген еңбегіне ерекше тоқталып өткен. Ескерткіштерді реставрациялау мен музейлендіру бойынша мәселелелері оны қатты толғандырғандығын және отандық және шетелдік туристерді қызықтыруы мүмкін археологиялық нысандарды дәл анықтай алатын қасиеті бар еді деп еске алады [Султанбаева 2019]. Бұл арқылы Карл Молдахметұлының терең аналитикалық талдаулар жасау қабілетінің өте жоғары болғандығын көруге болатындай.

Айта кету керек, академик К.М. Байпақов Жоғары оқу орындарының студенттері мен талапкерлеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарының да авторы болып табылады. Әріптестері тарапынан мұндай бағыттағы еңбектері де кезінде дұрыс бағаланған болатын. Мәселен, 1979 жылы К.А. Ақышевпен бірлесіп Қазақстан археологиясы бойынша алғашқы оқулықты жарыққа шығарғандардың бірі Карл Молдахметұлы болған еді. Сондай-ақ, оқушыларға арналған көптомдық Қазақстан ССР тарихы мен Қазақстан тарихы оқулықтарының бөлімдерінің авторы да болды [Джумабекова 2019: 120].

Карл Молдахметұлы жазған оқу құралдарында өзіндік ерекше ойлар мен пікірлерді батыл түрде енгізіп отырғандығымен ерекшелінеді. С. Жолдасбаев К.М. Байпақовтың, Ж.Қ. Таймағамбетов, Т. Жұмағанбетовпен бірлесіп 1993 ж. шығарған «Археология Қазақстана» оқулығына жазған пікірінде б.д.д. VII ғ. мен б.д. IV ғ. аралығы тарихта темір дәуірі деп аталады, авторлар бұл терминнен бас тартып ерте көшпелілер археологиясы дегенді жөн көрген дей отырып, бұл идеяны құптамайтындығын білдіреді. Темір дәуірі деген археологиялық қалыптасқан тақырып, авторлардың одан бас тартқанын дұрыс емес деп есептейді. Сонымен қатар, археологияға сипаттама басым екендігіне, тарау не параграфтарға бөлінбегендігіне тоқталып, болашақта теориялық жағына басымдық берілсе дұрыс болар еді деп түйіндейді. [Жолдасбаев 1995: 84–87]. Зерттеушінің ұсыныстары мен пікірлері бойынша тиісті қорытындылар жасалып Қазақстан археологиясы оқу құралы (2004, 2006, 2011 жылдары) кейінгі басылымдарында бұл олқылықтардың орнын толтыра алғандығын көруге болады. Бұл өз кезегінде авторлардың сын-пікірлерді дұрыс бағамдай алатындығынан хабар берсе керек.

3 Талқылау

Әріптестері мен өзге ғалымдар тарапынан К.М. Байпақов туралы біршама еңбектер жарияланған. Олар академик К.М. Байпақов ғұмырнамасына қатысты қомақты деректер базасын құрайды.

Көпжылдық ізденістер нәтижесінде ғалымның К.А. Ақышев, Л.Б. Ерзаковичпен бірлесіп жазған Отырар туралы үш монографиясы жарыққа шықты. Н.М. Зиняков әр уақытта Отырар қазбаларында болған В.М. Массон, А.М. Беленицкий, А. Аскар, В.Д. Горячева, Л.М. Левина, Д.Ф. Винник сынды т. б. көптеген көрнекті ғалымдардың ой-пікірлері мен ұсыныс – кеңестерін ескере отырып ғалымдар қаланы қазу жұмыстары мен материалдарға фиксация жасау және өңдеуде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылғандығын айтып өтеді [Зиняков 2020: 30]. Мұның өзі отандық археологтардың заманауи методиканы уақытылы енгізіп отырғандығын көрсетеді. Мұндай жұмыстардың басында әлбетте К.М. Байпақов тұрған еді.

Ғалым мұрасына қатысты зерттеушілердің кейбірі өте қызықты концептуалдық ой айтады. Карл Молдахметұлы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы урбанизациясына ерекше мән бергендігін айта кеткен жөн, ғалым урбанизация үдерістерін зерделеудің өзіндік моделін



қалыптастыра алды. Ол XIX ғасырда жинақталған заттар кешенін, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының мол жәдігерлерінен алынған ақпараттар мен жазба деректердегі материалдарды талдау арқылы еліміздегі урбанизацияны бес кезеңге бөлген. Бұл хронологиялық жағынан ғана емес, сол кезеңде өмір сүрген халықтардың саяси-экономикалық жағдайымен де дөп келетінін ғалымның еңбектерін саралаған мамандардың ізденістерінен көре аламыз [Ақымбек 2025: 105].

Сайып келгенде, Карл Молдахметұлы жүргізген еңбектерді бағалаған зерттеушілердің ізденістеріне қарағанда ол тек орта ғасырлар археологиясының маманы болып қана қалмады. Оның зерттеу нысанына қола дәуірі, ерте темір дәуірлері, Ұлы Жібек жолы мәселесі, археологиялық урбанистика, діндер мен рухани наным-сенім, жартас суреттері, тарихи география, қаңлы, соғды мәселелері, ескерткіштерді қорғау және сақтау секілді түрлі мәселелер еніп, жан-жақты қамтылған. Ғалым өзінің айналысқан қандай да болмасын саласында үлкен нәтижелерге жеткендігін оның еңбектерін саралау барысында көз жеткізуге болады. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан территориясында тек көшпенділік өмір салты ғана болды деген түсініктердің қате екендігін Ұлы Жібек жолы мәселесін зерттеу арқылы ғалымның жинақтаған археологиялық қазбалардан алған жәдігерлерінің арқасында дәлелденгендігін анықтау мүмкін болып отыр.

Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген тарихнамалық шолу материалдары Карл Молдахметұлы Байпақовтың Қазақстан археологиясына қосқан үлесінің мол болғандығына еш күмән тудырмайды. Ғалымның өміріне, қызметі мен ғылыми мұрасын ішінара болса да зерделеуге атсалысқан мамандардың еңбектеріне, сонымен қатар, Карл Молдахметұлының жүргізген кешенді зерттеу жұмыстарының арқасында алынған іргелі еңбектеріне жасалған шолу келесідей нәтижеге жеткізіп отыр.

4 Нәтиже

Зерттеушілер тарапынан академик К.М. Байпақовтың мол ғылыми мұрасына қатысты бірқатар еңбектер жарияланғанымен, олардың көпшілігі ғалымның өмір жолына жасалған шолу іспеттес әрі көпшілігі мерейтойлық бағытта жазылған дүниелер. Мұның өзі ғалымның мұрасы жан-жақты түрде зерделенуі тиіс екендігін нақты аңғартады. Айта кететін бір жайт, бұл ізденістерден ғалым еңбектерінің Қазақстан археологиясына тигізген әсерінің өте үлкен болғандығын көре аламыз. Әсіресе, ежелгі және орта ғасырлардағы қала мәдениетін кешенді түрде зерттеуінің арқасында еліміздегі ертедегі қалалардың көпфункционалы міндеттерді қатар атқарғандығына көз жеткізуге болады. Нәтижесінде Карл Молдахметұлының ғылыми қызметі мен өмір жолын, ғылыми еңбектерін зерттеген ғалымдардың пікірлерінің негізсіз еместігін байқауға да мүмкіндік туып отыр.

Ғалымның өмірі, қызметі мен ғылыми мұрасын зерттеген ғалымдардың арасынан Б.Е. Көмеков, С.М. Ақынжанов, С.Ж. Жолдасбаев, Н.М. Зиняков, Ж.Қ. Таймағамбетов, Т.Ә. Төлебаев, Б.А. Байтанаев, М.Б. Қожа, Г.С. Жұмабекова, Т.В. Савельева, Е.Ш. Ақымбек, П.К. Дашковский, К.Н. Балтабаева, Ю.А. Воякин сынды бірнеше зерттеушілерді ерекше атап кеткен ләзім. Себебі бұл ғалымдардың еңбектерінде академиялық дүниелер кеңінен қозғалған. Көпшілік мамандар Қазақстан ортағасырлық археологиясы мәселесіне арналған зерттеулерде К.М. Байпақовтың еңбектеріне сілтеме жасалмай өтпейді деп айтқан. Дей тұрғанмен, Қазақстан тарихына осыншама орасан мол еңбек атқарған ғалымның өмірі мен қызметіне, ғылыми мұрасына зерттеушілер тарапынан жасалған іргелі жұмыстардың көп еместігі аңғарылады. Ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты зерттеулер болғанымен, оның еңбектеріне қатысты ғылыми дәйектелген зерттеулердің аз екендігіде байқалады. Белгілі бір тарихи-мәдени жайттарға қатысты Карл Молдахметұлының



ойларына, пікірлеріне, интерпретацияларына баға беру жағы отандық ғылыми қауымдастық өкілдері тарапынан кең көлемде жүргізілмегенін де анық байқаймыз.

Археологиялық әдебиеттерге жасалған тарихнамалық шолу негізінде академик К.М. Байпақовтың Қазақстан археологиясындағы тұңғыш ортағасырлық археолог маман ретінде мойындалғандығына куә болып отырмыз. Сонымен қатар, Қазақстан мен Орта Азияның археологиялық архитектура саласын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі екендігін де құптауға болады.

5 Қорытынды

Ғылыми талдаудан өткен жоғарыдағы еңбектер академик К.М. Байпақовтың көпжылдық қажырлы жұмыстарының арқасында алынған көптеген тың деректер Отан тарихын жаңаша жазуға оң әсерін және өзіндік ықпалын тигізгендігін нақты дәлелдейді. Әріптестері мен замандастары тарапынан академик К.М. Байпақовқа қатысты жарияланған материалдарда оның ізденістері Отандық археология тарихнамасында ақтаңдақ болып келген кейбір жайттар қала мәдениетін қайта түзуге мүмкіндік бергендігі де кеңінен өрбітіледі. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен қоныстарға жүргізілген археологиялық қазбалар барысында өткен ғасырдың орта тұсына дейін қалыптасқан концептуалдық ойлар қайта қарастырылды. Ғалымның далалық ізденістерінің арқасында деректік қор толықтырылып, сүбелі тұжырымдамалар мен пайымдамалар түзілді. Әсіресе ежелгі және ортағасырлық қалалар жайы қаузалып, олардағы экономикалық жағдай, қала махаллалары, қоныстар мен баспаналар, монша, мешіт, т. б. архитектуралық кешендер, тұрмыста қолданған бұйымдар, шаруашылық заттар, ақша айналымы, заттай және рухани мәдениет, қолөнер, өндіріс орындары мен мәдени ошақтар (петроглифтер, т. б.) туралы мол деректемелік қор жинақталды. Ғалым туралы зерттеушілердің ой-пікірлері мен қол жеткізілген нәтижелерді саралай келе Карл Молдахметұлы Байпақов Қазақстан археологиялық урбанистикасы саласының ғылыми негізін қалаушы болды деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен қатар, жоғарыда жарияланған замандастарға тиесілі шығармалар мәтінінен тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпақовтың саналы ғұмырын археология саласына арнағандағы айтылды. Оның археологиялық ізденістері Отан тарихын жазудағы іргелі зерттеулерді кұрайды. Дегенмен зерттеушінің өмірі мен ғылыми мұрасын, қоғамдық қызметін жан-жақты ашып көрсететін ізденістер аса көп еместігі де айқын аңғарылады. Қысқа қайырғанда, зерттеушілердің көпшілігі жариялаған мақалаларда ғылыми жаңалықтардан гөрі оның өмірі мен қызметіне көбірек көңіл бөлініп отырғандығын айта кеткен ләзім. Бұдан шығатын қорытынды – Карл Молдахметұлы Байпақовтың ғылыми мұрасы тиісті деңгейде өз бағасын әлі толыққанды ала қойған жоқ. Бұл мәселе келешектің еншісінде қалып отыр. Болашақ зерттеулерде белгілі бір мәселелерге қатысты ғалымның концептуалды ойларын, келелі пікірлерін, жасаған тұжырымдарын айқындап, олардың ішкі және сыртқы мазмұнына сараптама жасаудың қажет екендігі де байқалып отыр.

ӘДЕБИЕТ

- 1 *Ақымбек Е.Ш.* Қазақ археологиясының көжиегін кеңейткен... // «Ұлы Жібек жолындағы мәдениет пен дін» ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпақовтың 80 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конф. м-ры / Жауапты ред. Л.К. Байпақова (Алматы қ., 12 қараша 2020 ж.). Алматы: Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, 2020. 50–54 бб.
- 2 *Ақымбек Е.Ш.* Талас өңірінің ежелгі және орта ғасырлардағы урбанизациясы // Қазақстан археологиясы. 2025. № 1 (27). 100–125-бб.
- 3 *Ахинжанов С.М.* Рец.: К.А. Акишев, К.М. Байпаков, Л.Б. Ерзакович. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: Наука, 1981, 343 с. // Известия АН КазССР. Сер. общ. наук. 1982. № 4. С. 72–73.



- 4 Абсаттаров Р.Б., Шалтықов А. И. Археолог-академик // Ана тілі. 2015. № 49–50. 10–14 желтоқ. 14-б.
- 5 Әшімова С.А. Ғылым-ғұмыр // Әділет. 2021. № 08 (123). 19 наурыз. 7-б.
- 6 Байғунаков Д.С. Қазақстан археологиясының көшбасшысы (К.М. Байпақов 65 жаста) // «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы. 2005. № 3. 138–140-бб.
- 7 Байқонаков Н.С., Есенаманова А.С. К.М. Байпақовтың Жетісу өңірінің қола және ерте темір дәуірі бойынша ізденістері // «XVII Оразбаев оқулары» халықар. ғыл.-әдіст. конф. м-ры / Жауапты ред. Р.С. Жұматаев (Алматы қ., 25–26 сәуір, 2025 ж.). Алматы: Қазақ университеті, 2025. 376–380-бб.
- 8 Байпаков Карл Молдахметович. Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана. Гл. ред. М.Ж. Журинов. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза»; ИА, 2010. 273 с.
- 9 Байпаков Карл Молдахметұлы. Қазақстан археологтарының биобиблиографиясы. 19-шығарылым / Құраст.: Е.Ш. Ақымбек, И.Р. Камалдинов. Алматы: АИ, 2025. 248 б.
- 10 Байтанаев Б.А., Ёлгин Ю.А. Карл Молдахметович Байпаков и археологическое изучение Южно-Казахстанской области (Историко-биографические заметки) // Казахстан и Евразия сквозь века: история, археология, культурное наследие: сб. науч. трудов, посвящ. 70-летию со дня рожд. акад. НАН РК К.М. Байпакова. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2010. С. 49–59.
- 11 Балтабаева К.Н. Имя, определявшее престиж науки и государства (к 80-летию академика Карла Молдахметовича Байпакова) // «Ұлы Жібек жолындағы мәдениет пен дін» ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпақовтың 80 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конф. м-ры / Жауапты ред. Л.К. Байпакова (Алматы қ., 12 қараша 2020 ж.). Алматы: Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, 2020а. 14–27-бб.–11.
- 12 Балтабаева К.Н. Карл Великий в археологии // Казахстанская правда. 2020б. № 163. 28 август. С. 10
- 13 Габсаттарова-Эм. А. Верность призванию // Огни Алатау. 2025. № 126 (18508). 18 ноябрь. С. 4.
- 14 Дашковский П.К. Рец.: К.М. Байпаков. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции) // Народы и религии Евразии. 2017. № 3–4. С. 136–139.
- 15 Дашковский П.К., Савельева Т.В. Байпаков Карл Молдахметович – выдающийся ученый и организатор науки Казахстана // Народы и религии Евразии. 2019. № 2 (19). С. 145–167.
- 16 Джумабекова Г.С. Памяти Карла Молдахметовича Байпакова // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2019. № 1(3). С. 116–127.
- 17 Жолдасбаев С.Ж. Рец.: Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., Жумаганбетов Т. Археология Казахстана. Алматы: Респ. Изд. Кабинет, 1993 // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғ. ғыл. сериясы. 1995 № 4. 89–90-бб.
- 18 Жолдасбаев С.Ж. Қазақстанның ортағасырлық археологиясының тұңғыш маманы археолог, академик К.М. Байпақов 70-жаста // Казахстан и Евразия сквозь века: история, археология, культурное наследие: сб. науч. трудов, посвящ. 70-летию со дня рождения акад. НАН РК К.М. Байпакова. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», ИА, 2010. 59–62-бб.
- 19 Зиняков Н.М. Городская культура и урбанизация средневекового Казахстана в научном наследии К.М. Байпакова // «Ұлы Жібек жолындағы мәдениет пен дін» ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпақовтың 80 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конф. м-ры / Жауапты ред. Л.К. Байпакова (Алматы қ., 12 қараша 2020 ж.). Алматы: Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, 2020. 28–37-бб.
- 20 Кожя М.Б. Изображения Тенгри и Умай на резном дереве из Отрарского оазиса // Народы и религии Евразии. 2015. № 8. С. 34–47.
- 21 Қумеков Б.Е. Рец.: К. Байпаков, А. Нұржанов. Ұлы Жібек жолы және ортағасырдағы Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1992 // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғам. ғыл. сериясы. 1993. № 5. 87–88-бб.
- 22 Қумеков Б.Е., Ақымбек Е.Ш. Академик К.М. Байпақовтың «Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы урбанизациясы (Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының зерттеу материалдары бойынша)» атты еңбегіне шолу // Марғұлан оқулары–2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықар. ғыл.-тәж. конф. м-ры. 1-том. / Бас ред. А. Оңғар. (Алматы қ., 26–27 қазан 2021 ж.). Алматы: АИ, 2021. 43–54-бб.



- 235 Кумеков Б.Е., Воякин Д.А. Академик НАН РК К.М. Байпаков – археолог (Очерк) // Казахстан и Евразия сквозь века: история, археология, культурное наследие: сб. науч. труд., посвящ. 70-летию со дня рожд. акад. НАН РК К.М. Байпакова. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», ИА, 2010. С. 14–48.
- 24 Кумеков Б.Е., Воякин Д.А. Взгляд, меняющий науку: Карлу Молдахметовичу Байпакову – 75 лет // Известия НАН РК. Сер. общ. наук. 2015. № 6. С. 229–232.
- 25 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. Д. 8: Личное дело К.М. Байпакова.
- 26 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. Д. 21: Личное дело К.М. Байпакова.
- 27 Султанбаева З. «Таких ученых почти не осталось»: Беседа о «последнем из могикан» казахстанской археологии Карле Байпакове / Ерофеева И.В. // ИА «NewTimes.kz» 2019. 21 окт. URL: <https://newtimes.kz/mneniya/99060-uchenye-takogo-urovnya-vymirayut-kak-dinozavry-beseda-o-poslednem-iz-mogikan-kazakhstanskoj-arkheologii-karle-bajpakove-foto> (дата обращения: 28.12.2025).
- 28 Таймагамбетов Ж.К. О личности в науке – Академике Байпакова К.М. // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2020. № 4 (10). С. 15–23.
- 29 Төлебаев Т.Ә. К.М. Байпаков және Ұлы Жібек жолы тарихы мәселелері // Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2014. № 2 (41). 114–117–66.
- 30 Chang, C., Tourtellotte, P. A. Memories of Academician Dr. Karl Baipakov // «Ұлы Жібек жолындағы мәдениет пен дін» ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпаковтың 80 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конф. м-ры / Жауапты ред. Л.К. Байпакова (Алматы қ., 12 қараша 2020 ж.). Алматы: Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, 2020. 43–45–66.

REFERENCES

- 1 Akymbek, Ye. Sh. 2020. In: Baipakova, L. K. (ed.). *Uly Zhibek zholyndagy madeniiet pen din (Culture and Religion on the Great Silk Road)*. Almaty: International Centre for the Rapprochement of Cultures, 50–54 (in Kazakh).
- 2 Akymbek, Ye. Sh. 2025. In *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)* 1, 100–125 (in Kazakh).
- 3 Akhinzhanov, S. M. 1982. In: *Izvestiya AN KazSSR. Ser. obshch. nauk (Bulletin of the Kazakh SSR Academy of Sciences. Social Sciences Series)* 4, 72–73 (in Russian).
- 4 Absattarov, R. B., Shaltykov A. I. 2015. In: *Ana tili (Mother tongue)* 49–50, 14 (in Kazakh).
- 5 Ashimova, S. 2021. In: *Adilet (Justice)* 08 (123), 7 (in Kazakh).
- 6 Baigunakov, D. S. 2005. In: *“Alash” tarikhi-etnologiyalyk jurnaly (“Alash” Historical-Ethnological Journal)* 3, 138–140 (in Kazakh).
- 7 Baikonakov, N. S., Esenamanova, A. S. 2025. In: Zhumatayev, R. S. (ed). *XVII Orazbaevskie chteniya (17th Orazbayev Readings)*. Almaty: “Kazakh University” Publ., 376–380 (in Kazakh).
- 8 Zhurinov M. Zh. (ed). 2010. *Baipakov Karl M. Materialy k biobibliografii uchenykh Kazakhstana (Karl M. Baipakov. Materials for the Bio-Bibliography of Kazakhstan’s Scholars)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Kazakh, Russian and English).
- 9 Akymbek, Ye. Sh., Kamaldinov, I. R. (eds.). 2025. *Baipakov Karl Moldakhmetuly. Qazaqstan arheologtarynyyn biobibliografiyası (Karl Moldakhmetuly Baipakov. Biobibliography of Kazakhstan Archaeologists)* Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 10 Baitanayev, B. A., Yolgin, Yu. A. 2010. In: Kumekov, B. E. (ed). *Kazakhstan i Evraziya skvoz veka: istoriya, arkheologiya, kulturnoe nasledie (Kazakhstan and Eurasia Through the Ages: History, Archaeology, and Cultural Heritage)*. Almaty: Ltd «Arheologicheskaja ekspertiza»; Margulan Institute of Archaeology, 49–59 (in Russian).
- 11 Baltabaeva, K. N. 2020a. In: Baipakova, L. K. (ed). *Uly Zhibek zholyndagy madeniiet pen din (Culture and Religion on the Great Silk Road)*. Almaty: International Centre for the Rapprochement of Cultures, 14–27 (in Russian).
- 12 Baltabaeva, K. N. 2020b. In: *Kazakhstanskaya pravda (Kazakhstan truth)* 163, 10–11 (in Russian).
- 13 Gabsattarova-Em, A. 2025. In: *Ogni Alatau (Lights of Alatau)* 126 (18503), 4 (in Russian).
- 14 Dashkovskii, P. K. 2017. In *Narody i religii Evrazii (Nations and Religions of Eurasia)* 3–4, 137–139 (in Russian).



- 15 Dashkovskii, P. K., Saveleva, T.V. 2019. In *Narody i religii Evrazii (Nations and Religions of Eurasia)* 2, 145–167 (in Russian).
- 16 Jumabekova, G. S. 2019. In *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)* 1 (3), 116–127 (in Russian).
- 17 Zholdasbaev, S. Zh. 2010. In: Kumekov, B. E. (ed). *Kazakhstan i Evraziya skvoz veka: istoriya, arkheologiya, kulturnoe nasledie (Kazakhstan and Eurasia Through the Ages: History, Archaeology, and Cultural Heritage)*. Almaty: Ltd “Arheologicheskaiia ekspertiza”; Margulan Institute of Archaeology, 59–62 (in Kazakh).
- 18 Zholdasbaev, S. Zh. 1995. In *KR UGA Khabarlary. Kogam. gyl. seriyasy (Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social Sciences)* 4, 89–90 (in Kazakh).
- 19 Zinyakov, N. M. 2020. In: Baipakova, L. K. (ed). *Uly Zhibek zholyndagy madeniiet pen din (Culture and Religion on the Great Silk Road)*. Almaty: International Centre for the Rapprochement of Cultures, 28–37 (in Russian).
- 20 Kozha, M. B. 2015. In *Narody i religii Evrazii (Nations and Religions of Eurasia)* 8, 34–47 (in Russian).
- 21 Kumekov, B. E. 1993. In *KR UGA Khabarlary. Kogam. gyl. seriyasy (Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social Sciences)* 5, 87–88 (in Kazakh).
- 22 Kumekov, B. E., Akymbek, Ye. Sh. 2021. In *Margulan oqulary–2021 (Margulan readings–2021)* 1, 43–54 (in Kazakh).
- 23 Kumekov, B. E., Voiyakin, D. A. 2010. In: Kumekov, B. E. (ed). *Kazakhstan i Evraziya skvoz veka: istoriya, arkheologiya, kulturnoe nasledie (Kazakhstan and Eurasia Through the Ages: History, Archaeology, and Cultural Heritage)*. Almaty: Ltd “Arheologicheskaiia ekspertiza”; Margulan Institute of Archaeology, 14–48 (in Russian).
- 24 Kumekov, B. E., Voiyakin, D. A. 2015. In *Izvestiya NAN RK. Seriya obshch. nauk (Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social Sciences)* 6, 229–232 (in Russian).
- 25 SA MIA SC MSHE RK. D. 8: *Lichnoe delo Baipakova K.M. (Personal file of K.M. Baipakov)* (in Russian).
- 26 SA MIA SC MSHE RK. D. 21: *Lichnoe delo Baipakova K.M. (Personal file of K.M. Baipakov)* (in Russian).
- 27 Sultanbaeva, Z. 2019. In: *IA «NewTimes.kz»* URL: <https://newtimes.kz/mneniya/99060-uchenye-takogo-urovnya-vymirayut-kak-dinozavry-beseda-o-poslednem-iz-mogikan-kazakhstanskoj-arkheologii-karle-bajpakove-foto> (accessed 28.12.2025) (in Russian).
- 28 Taimagambetov, Zh. K. 2020. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)* 4 (10), 15–23 (in Russian).
- 29 Tolebaev, T. A. 2014. In *Kazakh ulityk pedagogikalyk universitetinin Khabarshysy. Tarikh zhane sayasi-aleumettik gylymdar seriyasy (Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University. Series of History and Socio-Political Sciences)* 2, 114–117 (in Kazakh).
- 30 Chang, C., Tourtellotte, P. A. 2020. In: *Uly Zhibek zholyndagy madeniiet pen din (Culture and Religion on the Great Silk Road)*. Almaty: International Centre for the Rapprochement of Cultures, 43–45.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.10.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 29.12.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.12.2025.

